

Тұрақты даму аспектілерін басқару құрылымы

Тұрақты дамуды басқару Қордың корпоративтік басқару құрылымына тығыз біріктірілген, бұл Директорлар кеңесінен бастап атқарушы органдар мен бөлімше басшыларына дейінгі барлық деңгейлерде осы мәселелерді қарауға мүмкіндік береді.

Қор басқармасы операциялық қызметке, экономикалық және тұрақты дамуға жауап береді. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және оған әр тоқсан сайын Қор

жұмысының нәтижелері туралы есеп береді. Басқарма сонымен қатар Директорлар кеңесі мен Бірыңғай акционер бекіткен тұрақты даму саласындағы Қордың стратегиялық міндеттерін орындауға және дамуына жауапты болады.

Директорлар кеңесінің комитеттері өз құзыретіне кіретін мәселелерді, әсіресе еңбекті қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті қоса алғанда, тұрақты даму салаларында мұқият талдауда маңызды рөл атқарады.

